ИП «Астана» бөбекжайы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ № 1

Тақырыбы: «Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру»
Өткізу түрі: Дөңгелек үстел
Күні: «3» қыркүйек 2024 жыл

Әдістемелік кеңес төрайымы: Мурзагалиева А.И.
Хатшы: Усахова Л.Б.

Қатысқандар: 8

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау. Педагогтердің құжаттарды талапқа сай толтыруы:
   - перспективалық жоспар;
   - циклограмма;
   - мониторинг;
   - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарлары;
   - Тіл туралы заңның орындалуы, тіл апталығын ұйымдастыру;
   - жеке бағдарламалар мен шығармашылық жобаларды дайындау және бекіту.
2. Балабақшада жұмыс барысында басшылыққа алынатын нормативтік құжаттармен таныстыру.
3. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылауының қорытындысы.
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері.
5. «Еркем-ай» ортаңғы топтары балаларының балабақшаға бейімделуі.
6. Балабақшада өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру және жұмыс жоспарымен таныстыру.
7. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:
Әдіскер Мурзагалиева А.И. педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау барысы туралы ақпарат берді.

Педагогтердің оқу жылына қажетті құжаттарды талапқа сай және уақытылы рәсімдеуі, перспективалық жоспар мен циклограммаларды оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес құрастыруы, тәрбиеленушілердің даму деңгейін анықтау мақсатында мониторинг жүргізуі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптарын нақтылау, жеке кәсіби даму жоспарларын құру, шығармашылық жобалар мен жеке бағдарламаларды әзірлеу мәселелері қарастырылды.

Scanned with CamScanner

Тіл туралы заң талаптарының орындалуы, балабақшада мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында тіл апталығын ұйымдастыру және тілдік орта қалыптастыру жұмыстары талқыланды.

Сөйледі:
Педагогтер өздерінің өзіндік білім көтеру тақырыптарын ұсынып, жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарға байланысты пікірлерін білдірді.

Қаулы етті:

1. Педагогтер жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма және мониторинг құжаттарын белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдесін.
2. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарлары бекітілсін.
3. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке бағдарламалар мен шығармашылық жобалар әзірленсін.
4. Тіл туралы заң талаптарының орындалуы қамтамасыз етілсін.
5. Мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру мақсатында тіл апталығы ұйымдастырылсын.
6. Құжаттардың жүргізілу сапасын әдіскер тұрақты бақылауда ұстасын.

Жауапты: әдіскер, педагогтер.
Мерзімі: оқу жылы барысында.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:
Әдіскер Мурзагалиева А.И. жаңа оқу жылында педагогтер мен балабақша қызметкерлері басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттармен таныстырды.

Құжаттардың талаптарын оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында басшылыққа алу, құжаттардағы өзгерістер мен толықтыруларды уақытылы зерделеу қажеттілігі атап өтілді.

Сөйледі:
Әдістемелік кеңес мүшелері нормативтік құжаттарды педагогтердің күнделікті жұмысында басшылыққа алу қажеттігін атап өтті.

Қаулы етті:

1. Педагогтер оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында қолданыстағы нормативтік және әдістемелік құжаттарды басшылыққа алсын.
2. Нормативтік құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар педагогтерге уақытылы таныстырылсын.
3. Әдіскер нормативтік құжаттардың педагогтерге жеткізілуін және орындалуын бақыласын.

Жауапты: әдіскер Мурзагалиева А.И.
Мерзімі: тұрақты.

3-мәселе бойынша

Scanned with CamScanner

Тыңдалды:
Әдіскер Мурзагалиева А.И. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыбында жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысымен таныстырды.

Бақылау барысында педагогтердің құжаттарды дайындауы, топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылуы, оқу құралдары мен дидактикалық материалдардың дайындығы қарастырылды.

Бақылау нәтижесінде анықталған жетістіктер мен кемшіліктерге талдау жасалып, педагогтерге әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қаулы етті:

1. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылауының қорытындысы назарға алынсын.
2. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша педагогтерге нақты тапсырмалар берілсін.
3. Топтардың оқу жылына дайындығы тұрақты бақылауда болсын.
4. Әдістемелік көмек қажет педагогтерге жеке кеңес берілсін.

Жауапты: әдіскер, педагогтер.
Мерзімі: жыл бойы

4-мәселе бойынша

Тыңдалды:
Әдіскер Мурзагалиева А.И. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері туралы баяндады.

Мониторинг нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының бастапқы деңгейі анықталғаны айтылды. Алынған нәтижелерді алдағы оқу-тәрбие процесін жоспарлау кезінде ескеру қажеттілігі атап өтілді.

Балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке және шағын топтық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылды.

Қаулы етті:

1. Бастапқы мониторинг нәтижелері алдағы педагогикалық жұмысты жоспарлау барысында ескерілсін.
2. Балалардың жеке даму деңгейіне сәйкес түзету және дамыту жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Балалардың даму динамикасын бақылау жүйелі түрде жүргізілсін.

Жауапты: педагогтер, әдіскер.
Мерзімі: оқу жылы бойы.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды:
«Еркем-ай» ортаңғы топтарының тәрбиешісі Есказиева М. балалардың балабақшаға бейімделу барысы туралы ақпарат берді.

Scanned with CamScanner

Балалардың жаңа ортаға үйренуі, тәрбиешілермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, күн тәртібіне бейімделуі, тамақтану және ұйқы режимін қабылдауы туралы айтылды.

Бейімделу кезеңінде балаларға психологиялық қолдау көрсету, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру және ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы етті:

1. «Еркем-ай» ортаңғы топтарындағы балалардың бейімделу барысы бақылауда ұсталсын.
2. Әр баланың жеке ерекшеліктері ескеріліп, қажет болған жағдайда жеке қолдау көрсетілсін.
3. Ата-аналарға балалардың бейімделу кезеңі бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілсін.
4. Бейімделу нәтижелері туралы ақпарат әдістемелік кеңесте қажет болған жағдайда қайта қаралсын.

Жауапты: топ тәрбиешілері, әдіскер, медбике.
Мерзімі: бейімделу кезеңінде.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды:
Музыка жетекшісі Усахова Л.Б.балабақшада өткізілетін мерекелік шаралардың жоспары және оларды ұйымдастыру тәртібімен таныстырды.

Мерекелік іс-шаралардың тәрбиелік мәні, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, педагогтердің міндеттері және дайындық жұмыстары талқыланды.

Сөйледі:
Әдістемелік кеңес мүшелері мерекелік шараларды ұйымдастыру кезінде балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігін атап өтті.

Қаулы етті:

1. Балабақшада өткізілетін мерекелік шаралардың жоспары бекітілсін.
2. Жауапты педагогтер іс-шараларға дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізсін.
3. Мерекелік іс-шаралардың мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылсын.
4. Іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын.

Жауапты: әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер.
Мерзімі: бекітілген жоспарға сәйкес.

7-мәселе. Ағымдағы мәселелер

Scanned with CamScanner

Тыңдалды:
Әдістемелік кеңес мүшелері жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға байланысты ағымдағы мәселелерді талқылады.

Педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу, әдістемелік көмек көрсету, ата-аналармен жұмысты жетілдіру және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері қарастырылды.

Қаулы етті:

1. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында өзара тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен әдістемелік іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес өткізілсін.
3. Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Әдістемелік кеңес отырыстарында оқу-тәрбие процесінің өзекті мәселелері тұрақты қарастырылсын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары талқыланып, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мақұлдансын.
2. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Педагогтердің құжаттарды сапалы және уақытылы жүргізуі қамтамасыз етілсін.
4. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер Мурзагалиева А.И.-ға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Мурзагалиева А.И.

Хатшы: _____ Хамзина Б.С.

Scanned with CamScanner